

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының
адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Құралай апа 1» бөбекжай-балабақшасы ЖШС**

Әдістемелік кеңестің

Хаттамасы № 1

04.09.2023 жыл

Қатысқандар бөбекжай балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру.
2. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша директоры А. Таженова «Заттық-кеңістіктік дамытушы орта» бөбекжай- бақша үшін маңызды мәселе болғандықтан биылғы жылғы нұсқау хатта да басым көрсетілгенін айтып өтті. Онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдаланатынын, дамытушы орта балаға қызығушылықтары мен өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік беретінін айтып өз сөзін аяқтады. Педагогтар толық қолдады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Г. Даужанова әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру керектігін айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Дамытушы ортаны жеткілікті және әр түрлі материалдар мен байыту ұсынылды.
2. Әр топта балаларға жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру ұсынылды.

Жиналыс төрайымы



А. Таженова

Хатшы



Г. Даужанова

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының
адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Құралай апа 1» бөбекжай-балабақшасы ЖШС**

Әдістемелік кеңестің

Хаттамасы № 1

05.02.2024 жыл

Қатысқандар бөбекжай балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Мектепке дейінгі балалардың дамуын сюжеттік-ролдік ойындардың маңызы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша директоры А. Таженова балалар ойыны әр алуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы: сюжетті-ролдік, қимыл-қозғалыс, драматизация, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындары. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Сюжетті-ролді ойын — мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты ойын түрі. Оны сипаттай отырып, С.Л. Рубинштейн бұл ойын баланың ересектермен өзара әрекеттесуіне негізделгенін атап өтсе, Д.Б. Эльконин ойын баланың зияткерлік және моральдық-еріктік дамуына әсер ететін жетекші қызмет түрі деп атады.

Бүгінгі таңда балалардың сюжеттік ойындарын белгілеу үшін әртүрлі терминдер қолданылады: «шығармашылық», «сюжеттік-ролдік» және «әуесқой». Сюжеттік-ролдік ойын сюжет, мазмұн, рөл құрылымдық компоненттеріне ие. Бала тек ойнауға ғана емес, белгілі бір рөлді орындауға да ұмтылады. Әрекетті, рөлдерді, бейнені өзгерту қабілеті, қиялдың күшімен балалар ойын жасайды. Ойында нақты жағдай, кеңістік жоқ. Ойын уақыты ұзақта, қысқа да болуы мүмкін.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Сюжеттік ойындарын жеткілікті және әр түрлі материалдар мен байыту ұсынылды.

Жиналыс төрайымы



А. Таженова

Хатшы



Г. Даужанова